

**"Павлодар" арнайы экономикалық аймағының
басқарушы компаниясы" акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, өкілеттіктері мен қызметінің негізгі қағидаттарын анықтайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы.

орыс тілінде: акционерное общество «Управляющая компания специальной экономической зоны «Павлодар».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ.

орыс тілінде: АО «Управляющая компания специальной экономической зоны «Павлодар».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 167 құрылыс.

2. Заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асырып, міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның толық фирмалық атауы мемлекеттік тілде және орыс тілінде көрсетілген мөрі, фирмалық бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), "арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, корпоративтік басқару Кодексін және қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасында және шетелде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде

Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

Филиалдардың (өкілдіктердің) қызметіне басшылықты Қоғам Басқармасының мақұлдауымен Қоғам Басқармасының Төрағасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

3. Қоғам қызметінің мақсаттары мен түрлері

10. Қоғамның негізгі мақсаты "Павлодар" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

11. Қоғам қызметінің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1) Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру (ЭҚЖЖ: 70221):

- арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасау;

- арнайы экономикалық аймақта жаңа өндірістер құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;

- арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету бойынша іс-шаралар өткізу;

- бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;

- арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына консалтингтік және маркетингтік қызметтер көрсету;

- арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру.

2) Коммерциялық және кәсіпкерлік қоғамдық ұйымдардың қызметі (ЭҚЖЖ: 94110):

- қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына және қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға беру), кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға), уақытша пайдалануға (жалға) немесе уақытша қайталама пайдалануға (қосалқы жалға) беру және инфрақұрылым объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе қосымша жалға (қосалқы жалға) беру;

- қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасасу және бұзу;

- уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының жыл сайынғы есептері негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті ұсыну;

- арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын тарту;

- инфрақұрылым объектілерін салу үшін және арнайы экономикалық аймақтың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

- "бір терезе" қағидаты бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының жұмыс істеуі үшін қабылдау орнын ұйымдастыру»;

- қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторинг жүргізу;

- арнайы экономикалық аймақта индустриялық-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;

- "бір терезе" қағидаты бойынша арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау және жұмыс жүргізу және осы қағидатты іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының мүдделерін білдіру;

- мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына қатысу;

- арнайы экономикалық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) Коммуналдық қызмет көрсету:

- электр энергиясын беру (ЭҚЖЖ 35121);

- электр энергиясын бөлу (ЭҚЖЖ 32130);

- жылу энергиясын беру (ЭҚЖЖ 35303);

- суды жинау, өңдеу және тарату (ЭҚЖЖ 36000);

- ағынды суларды жинау және өңдеу (ЭҚЖЖ 37000).

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

4. Қоғамның мүлкі мен капиталы

12. Қоғам мүлкі:

1) Қоғам акцияларына төлем ретінде акционерлер берген мүлік;

2) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына басқарушы компания көрсететін қызмет үшін сыйақы;

3) нысаналы қарыздық қаржыландыру;

4) инфрақұрылым объектілерін, жер учаскелерін, сондай-ақ өзге де мүлікті мүлікті жалға және (немесе) қосалқы жалға беруден түсетін кірістер;

5) жарғылық капиталды толықтыру ретінде енгізілген қаражат;

6) бюджеттік қаражат;

7) басқарушы компанияның қызметінен түсетін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де кірістер.

13. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5. Қоғамның Құрылтайшысы

14. Қоғамның құрылтайшысы Павлодар облысының әкімдігі тұлғасында "Павлодар облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып табылады».

15. Қоғамның мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген "Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекет мүддесін білдіреді.

6. Қоғамның құрылтай құжаттары

16. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

7. Қоғамның жауапкершілігі

17. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

18. Қоғамның Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

19. Жалғыз акционер қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

20. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

21. Жалғыз акционер мыналарға:

1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысу;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде жалғыз акционерлерде немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

7) Заңда көзделген жағдайларда Қоғам органдары қабылдаған, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға Өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер

қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен, сот органдарына өз атынан жүгінуге Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға құқылы;

9) Қоғам таратылған кездегі мүлікке;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар;

11) директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

12) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуін талап ету.

22. Жалғыз акционер міндетті:

1) акцияларды төлеу;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

4) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

23. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы акционердің осы Жарғының 22-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

9. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар

24. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарында белгіленеді.

25. Қоғам жай акциялар шығарады.

Жай акция жалғыз акционерге оның қарауына енгізілетін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ, жай акция Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивидендтер алуға және Қоғам таратылған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға құқығын береді.

26. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

27. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

Орналастыру туралы шешімді, Қоғамның акцияларын оның жарияланған акцияларының саны шегінде Жалғыз акционері қабылдайды.

28. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастырылған акцияларды төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

29. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.

30. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады, егер:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленді;
- 2) Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) пайызынан аспайды;
- 3) акцияларды кепілге қою туралы шартты Жалғыз акционер мақұлдады.

9. Дивидендтер

31. Қоғамның таза табысы Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді.

Дивидендтерді төлеу ақшамен жүргізіледі.

32. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер жыл қорытындысы бойынша қабылдайды.

Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылданған кезде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

33. Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

34. Жалғыз акционер, осы Жарғының 35-тармағының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

35. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

- 1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не көрсетілген белгілер Қоғамда дивидендтерді оның акциялары бойынша есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда;

36. Қоғам дивидендтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен төлейді.

11. Қоғамның Органдары

37. Қоғамның Органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

12. Жалғыз акционер

38. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер енгізу және толықтыру, оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
- 6) шығару туралы шешім қабылдау бағалы қағаздарды Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын;
- 7) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау);
- 8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 9) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

12) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

13) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

14) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

15) қабылдау төлемеу туралы шешім Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер;

16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

19) «алтын акцияны» енгізу және жою;

20) нәтижесінде акционерлік Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

21) қызметтік іссапарға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

22) өкілдік шығыстардың лимиттерін айқындау;

23) дивидендтік саясатты бекіту;

24) шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

39. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

40. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

41. Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, тармақшаларда көрсетілген кейбір мәселелерді қоспағанда, «Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ дербес қабылдайды 1), 4), 10), 12), 14), 17) Жарғының 38-тармағының және 40-тармағының 19) тармақшасында және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында көрсетілген шешімдер «Павлодар облысының қаржы басқармасы» ММ алдын ала жазбаша келісімі бойынша қабылданады».

13. Директорлар кеңесі

42. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережені, сондай-ақ қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда даму жоспарын түзету;

2) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды, басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау);

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс

тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын ішкі құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

14) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның Жалғыз акционерінің құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

19) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан 50 (елу) пайызына дейінгі мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді, сондай-ақ жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның құрылымын бекіту;

21) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

44. тізбесі жарғының 43-тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

45. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

46. Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз Акционердің шешімімен сайланады.

47. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

48. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар, Басқарма Төрағасы және өзге де тұлғалар кіреді.

49. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелері санының үштен бірінен кем болмауы тиіс.

50. Басқарма Төрағасынан басқа басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

51. Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттамалар жүргізуді ұйымдастырады;

4) Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілей отырып, Қоғам атынан Басқарма төрағасымен, корпоративтік хатшымен, Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен еңбек шартын жасасады.

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

6) Кеңес мүшелерінің директорлардың анық және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелерді шешед.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

52. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

53. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе басқармасының бастамасы бойынша не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің мүшесі;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның атауы;

4) Жалғыз акционердің.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын ұсынылады.

54. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы сырттай дауыс беру арқылы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беруге арналған бюллетен қоса беріледі, ол бірыңғай нысанда Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуға тиіс:

- 1) қоғамның атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетенді Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына ұсыну күні;
- 3) отырысының күн тәртібіне;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді жіберген кезде Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы олардың дұрыс және біркелкі жасалуын өз қолымен куәландырады.

Сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетенге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс.

55. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға және Корпоративтік хатшыға оның директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

56. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум осы Жарғыда айқындалады, бірақ Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс және Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін (олардың жазбаша түрде білдірген дауыстары болған кезде) ескере отырып айқындалуы мүмкін).

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

57. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Егер заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

58. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде корпоративтік хатшы және отырысқа қатысқан барлық адамдар қол қоюға тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының сырттай дауыс беру арқылы қабылданған хаттамалары мен шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетендер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға, өзінің қолымен

және Қоғамның мөр бедерімен куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінді көшірмелер беруге міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен, осы Жарғымен және Жалғыз акционер бекітетін Директорлар кеңесі туралы Ережемен айқындалады.

14. Басқарма

59. Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

Басқарма Төрағасын сайлау ерекшеліктері «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Басқарма Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

2) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы санын ескере отырып, қоғамның штат кестесін бекітеді;

3) қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

4) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын әзірлейді немесе Қоғамның даму жоспарын бекітеді және Директорлар кеңесіне бекіту үшін ұсынады;

7) Қоғам қызметі туралы есеп дайындайды;

8) осы Жарғыға сәйкес шешімін Басқарма Төрағасы қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғам құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан кем болатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

9) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

60. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасалған кезде Тараптар шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып, басқарма жасаған мәміленің жарамдылығына қоғам дау айтуға құқылы.

61. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

62. Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

63. Басқарма Төрағасы:

1) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) сенімхатсыз Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерді және Қоғамның ішкі аудит қызметін қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді, Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласы мен жауапкершілікті бөледі;

7) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

8) Қоғам атынан шарттар жасасады, Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

9) Қоғамның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу нәтижелері бойынша Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

10) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған өзге де құжаттарда айқындалған Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

11) Жарғыда және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Ішкі аудит қызметі

64. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

65. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

66. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережемен айқындалады.

67. Қоғам мен ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Директорлар кеңесінің төрағасы мен ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасында жасалған еңбек шартымен реттеледі.

16. Есеп, есептілік және аудит

68. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және директорлар кеңесі бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жыл сайын жариялауға міндетті.

70. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Директорлар кеңесі жалғыз акционердің қарауына шығару күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Жалғыз акционердің шешімімен жүргізіледі.

71. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы.

Аудит Жалғыз акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Басқарма Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

17. Қоғамның ақпаратты ашуы

72. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

73. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған осы Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен, бірақ мұндай сұрау салуды Қоғам алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

74. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға арналған шығыстар құнынан және Жалғыз акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығыстар төлемінен аспауға тиіс.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Жалғыз акционерге оның талап етуі бойынша танысу үшін берілуге тиіс.

75. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті).

Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзі белгілеген тәртіппен ұсынады.

76. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Жарғы бекітілген күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде, сондай-ақ үлестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде оның туындауына қарай Қоғамға ұсынады.

Бұрын Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы үлестес тұлға деп көрсетілген тұлға ондай болуын тоқтатса, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл туралы бес күндік мерзімде Қоғам Басқармасының Төрағасын хабардар етеді.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғам Басқармасының Төрағасына бағалы қағаздар нарығындағы реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тиісті нысан бойынша ұсынады.

18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

77. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген

ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

78. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қабылдайды.

79. Заңнамада көзделген жағдайларда Қоғамды мәжбүрлеп таратуды Қазақстан Республикасының сот жүзеге асырады.

Егер заңнамада өзгеше көзделмесе Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа беруі мүмкін.

80. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

19. Қорытынды ережелер

81. Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына ықпал етпейді. Жарамсыз ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретін басқа ережемен ауыстырылуы мүмкін.

82. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

83. Осы Жарғы ол заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.